

- 2 Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. Право кочевой цивилизации казахов. Монография. - Алматы: Мектеп, 2002. - 224 б.
- 3 Абубакирова Г.М. Адам өмірі мен құндылықтары мемлекеттің басты байлығы // <http://group-global.org/tu/node/15845>
- 4 Нұрлықұлов Ғ. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері // Заң. - 2015. - №12. - 47-50 Б.
- 5 Платонов И.В. Уголовное право. Семейный университет Ф.С. Комарского. -СПб, 1898. -346 с.
- 6 Бойко Н.В. Ответственность за незаконное лишение свободы по советскому уголовному праву. Дисс. ... канд.юрид.наук. - Харьков, 1989. - 164 с.
- 7 Ожегов С. И. Словарь русского языка / Под ред. Н. Ю. Шведовой. - М.: Изд-во «Русский язык», 1990. - 921 с.
- 8 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: жалпы бөлім - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - 384 б.
- 9 Бородин С.В. Контроль над преступностью в демократическом обществе // Государств и право. - № 10. - С. 34 - 36.

ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Сиубаева Н.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы,
Ақпар Т.Е., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультетінің 2 курс студенті*

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы.

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемді аландатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Алайда, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында заңнамалық тұрғыда нормативтік-құқықтық база қалыптасқан. Көптеген зерттеушілер осы саладағы заңнама нормаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларына жоғары баға бергенімен, оларды шынайы өмірде жүзеге асыру кезінде кейбір нормалардың қажетті деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға қауқарсыз екендігі байқалады.

Сол себепті, осы мәселеге мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев тарапынан жыл сайын Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында көп көңіл бөлінеді.

Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде [1,4].

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Қазір елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Осы бағытта бірқатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында міндеттерді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Экономиканы әрі қарай дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің бәсекеге қабілетті отыз елдердің қатарына кіру мақсатын жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешуді,

мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға және азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды талап етеді, бұл сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Осыған орай, Мемлекет басшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған 2015 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады [2].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты қабылдамау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері игеруі тиіс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі» [3,12].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет өз мазмұнына мәдениеттердің барлық қалған түрлерінің элементтерін қамтиды, бұл олардың тұтастығының жалғыз субъектісі ретінде адамның өзінің табиғатымен байланысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ерекшелігі мәдениеттердің барлық түрлерімен өзара байланыста ғана емес. Оның мазмұны бірінші кезекте құқық пен адамгершілікті қамтиды. Мәдениеттердің барлық түрлері арасындағы диалог олардың арасындағы тығыз байланыстың барын белгілейді, олардың өзара толықтырушы рөлін атап өтіп, күшейтеді. Сондай-ақ, жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз. Ол үшін, ең алдымен тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді:

- сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көріну ерекшеліктері туралы түсінік;
- адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу;
- құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық уәжін ынталандыру;
- мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Осыған байланысты мыналар қажет:

- сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және осының негізінде сыбайлас жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту;
- Қазақстан азаматтарының мінез-құлқы моделін қалыптастыру, бұл ретте « сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адамгершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс;
- құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрмет- темеді білдіретін құқықтық нигилизмді жою;
- құқықтық жаппай оқу арқылы құқықтық білім мен тәрбиені қамта- масыз ету.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек [2].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ұлттық негіздері қоғамның жалқаулық, паракорлық, ұрлық, әділетсіздік және басқалар сияқты кеселдерін айыптау нормаларында көрінеді. Мысалы, әртүрлі этностардың мақал-мәтелдерінде халықтың алақол адамдарға деген теріс көзқарасы көрінеді:

«Түйе немесе түйме ұрласа да, ұрының аты ұры»,

«Ұрлық жасасаң, жазадан қашып құтылмайсың»,

Ұлы ойшыл Абай еңбекті өз игілігі үшін барлық әлеуметтік мәнінен айырылған еңбек ретінде қарастырады. Басқаның игілігі үшін еңбек ету – адамның борышы: «өз пайдасы үшін еңбек ететін

адам өзі үшін жайылып жүрген малмен тең; адамдық борышын орындай отырып, еңбек ететін адамды Құдай өзінің махаббатына бөлейді» [4].

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық қауіптілігі:

- Билік басындағы тұлғалар жеке пайдасын көздеп мемлекеттік саясатта айтқандарын жүргізеді, сол әрекетімен билікке кең көлемде әсер етеді, бұл қоғамдық пайданы іске асыру үшін жасалатын билік қызметінен де бірнеше есе асып түседі. Қоғам өміріне барынша ықпал жасайтын маңызды шешімдер сыбайластық негізінде қабылданады немесе түрлі үлгідегі «көлеңкелі фигураларға» тәуелді болғандықтан сыбайластарды жасыру үшін жасалады.

- Сыбайлас жемқорлықтан келетін тікелей шығындар мемлекеттік бюджеттің табысын азайтады, өндірілетін жалпы ұлттық өнім көлемі жанама түрде азаяды.

- Сыбайлас жемқорлық көлеңкем экономиканы кеңейтеді, бәсекелестікке кері әсерін тигізеді, себебі «пара» бәсекелестік емес мүмкіндіктер жасайды. Бұл нарықтық қатынастарды бұзады, жалпы экономика тиімділігі төмендейді, есесіне жаңа сыбайлас монополиялар құрған, көбінесе ұйымдасқан қылмыспен байланысы бар экономикалық қатынастар орнайды.

- Кең тараған сыбайлас жемқорлық, әділетті жазасын алмаған қылмыскерлермен ауыз жаласқан мемлекеттік қызметкерлерді көргендер арасында шектеп шыққан арсыз келісімнен позиция туғызады.

- Сыбайлас жемқорлық қоғамдық адамгершілікке де, қауіп төндіреді, себебі азаматтар санасында, әсіресе жас ұрпақтарда, өмірдің жоғары деңгейіне жетудің негізгі әдісі заңға қайшы қызметпен байланысты екен деген терең өнегесіз сенім қалыптасуы мүмкін.

- Сыбайлас жемқорлық экономикалық субъектілердің шығындарын көбейтеді, бұл тұтыну бағасын және тарифтерді өсіреді.

- Сыбайлас жемқорлық басқару органдарын ғана бұзып қоймай, әр түрлі корпорациялардың басқару аппаратын да ірітеді. Жалпы басқару тиімділігі төмендейді – мемлекеттік те, коммерциялық та.

Жемқорлықтың сипатты белгісі лауазымды тұлғаның әрекеті мен және оның жұмыс берушісі арасындағы дау-дамай немесе таңдаулы тұлғаның әрекеті мен қоғам мүддесі арасындағы дау-дамай болуы мүмкін. Жемқорлықтың көптеген түрлері лауазымды тұлғаның іске асыратын алаяқтығымен тұспа-тұс келеді және мемлекеттік билікке қарсы жасалған қылмыс санатына жатқызылады.

Қазіргі кездегі тағыда көптеген елдерінің алдында тұрған өзекті мәселенің бірі – жастардың арасындағы сыбайлас жемқорлық. Орасан зор салдары бар бұл әлеуметтік дерттен біздің қазақстандық жастар қоғамы да белгілі бір деңгейде зардап шегіп отыр. Сондықтан сыбайлас жемқорлық мәселесі мемлекет пен қоғамның бүкіл саласына қатысты өткір сипат алып, бұрынғыдан бетер өзектілене түсуімен назар аудартады. Себебі, жемқорлық дерті мемлекеттік қызметке баратын жастардың және пара алатын лауазымды тұлғалардың беделін түсіріп қана қоймай, билік жүйесінің, сонымен қоса бүкіл әлеуметтік жүйенің құлдырауына әкеп соғуымен қауіпті. Алайда, еліміз тәуелсіздік алғалы бері қаншама заңнамалар қабылданып, сан алуан іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп келсе де, бұл келеңсіз құбылыстың жолы кесілмей қойды.

Бүгінгі заманда жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың таралуына:

- жастардың жұмыссыздығы,
- баспана мәселесі,
- елдегі әлеуметтік ахуалдың әлі де төмендігі,
- билік құрылымдарының жауапсыз іс-әрекеттері,
- осы саладағы тиісті заңнаманың өз деңгейінде орындалмауы,
- жастардың құқықтық санасы мен білімінің төмен болуы,
- жастардың өз-өзіне сенбеушілігі,
- жастардың санасына сыбайлас жемқорлық ұғымының дендеуі ,
- қоғамда демократиялық дәстүрлердің сақталмауы, сот жүйесіндегі әділетсіздіктер және т.с.с.

көптеген себептер әсер етеді. Әсіресе, жастардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне көз жұмып қарауымен пара берушілікке бой алдыруы үрдіске айналғаны рас [5,10].

Бұл зиянды құбылыспен күрес жүргізу еш уақытта тоқтаған емес. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар заңды-құқықтық негізге ие, ол сонау 1998 жылы қабылданған.

Сыбайлас жемқорлық халықты қанаудың көлеңкелі көрінісі бола отырып, адамзат қоғамының даму кезеңдерінен қалыспай келеді. Лауазымды адамдардың қызметті өзінің бас пайдасының қамы үшін пайдаланудан туған қылмыс дегенді білдіреді.

Ол барлық уақытта да сынға ұшырап, айыпталып, онымен үнемі күрес жүргізіліп келеді. Бұл қоғамдық дерттің алатын орны жөнінде әңгіме қозғағанда Цицеронның: “егер паракорлар өздеріне

қажеттісін жымқырған болса ғана қалтырайды. Ал егер де басқалармен де бөлісуге жетерліктей жымқырған болса, онда олар үшін аса қорқыныш жоқ” деген белгілі сөзін еске алуға болады.

Коррупциямен ұйымдасқан қылмыс бөлінбейтін, бөлшектенбейтін криминалды одақты құрады. Ұйымдасқан қылмыстың қанатының кең жайылуына коррупцияланған ұйымдар себепші. Н.Л. Павленконың дұрыс пікірі бойынша “Коррупция дегеніміз – ұйымдасқан қылмыс пен мемлекеттік органдарының бірігіп кетуінің басты тәсілі”. Егер басқа елдерде ұйымдасқан қылмыс мемлекеттік шеңберге кіруге енді ғана талпынып жатса, отандық ұйымдасқан қылмыстың әуел бастан өз құрылымдары бар. Сондықтан да Қазақстандағы коррупция дегеніміз – тамыр-таныстық қана емес, сонымен қатар көп пайда табуға жетудің тәсілі. Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық дегеніміз ұйымдасқан қылмыстың негізі деген ғалымдардың пікірлері логикалық тұрғыдан дұрыс. Шын мәнінде, “ұйымдасқан қылмыстың ерекшеліктеріне коррупциямен байланыс жасау жатады, ал бұл экономика саласында маңызды операция жасауға қажетті ақпарат алуға, дер кезінде құқықтық жазадан құтылуға мүмкіндік береді [6,15].

XX ғасырдың аяғы сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемаға ерекше мән берумен бірге, осы тұрғыдағы құбылыспен күрес жүргізуге арналған сан қырлы ғылыми ізденістердің өсуімен де ерекшеленеді. Бұл мәселеге байланысты алғашқы ғылыми зерттеулерді америка криминологі Э. Сатерланд және оның көмекшісі Кресси жолға қойды. Тұңғыш рет Э.Сатерланд “ақ жағалылардың” қылмыстылығы деген ұғымды енгізді, ал бұл ұғымнан Батыс елдерінің ғалымдары сыбайлас жемқорлықты қылмыстылықтың ереже тобына жатқызып, жеке бөліп алды [7,3].

Сыбайлас жемқорлық түсінігіне толық сипаттаманы, менің ойымша, С.В. Максимов береді. Оның пікірінше, осы термин «мемлекеттік, муниципалды немесе өзге де қоғамдық қызметкерлермен өз статусын заңсыз пайда табу үшін пайдалануы, немесе өз құзыретін, лауазымын пайдаланып біреуге заңсыз игіліктер көрсетуі» түсінігін береді [8,22].

«Мәдениет» термині ғылым саласында жеке өте жиі қолданылады, әдетте, ұлттық мәдениет, ойлау мәдениеті, денсаулық мәдениеті, дене шынықтыру мәдениеті, өзін-өзі ұстау мәдениеті, біздің жағдайда – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сөзтіркестері тұрғысында қарастырылады. Алайда, қай тіркесте қолданылмасын, ол қандайда бір нормалар мен ережелерге сүйенуді білдіреді. Сонымен қатар, ғылымда мәдениет түсінігі индивидтің өзін-өзі және өзіне-өзі қалыптастырған әлемге көзқарасын білдіреді. Әлемге деген осы көзқарас алдымен өмірсүру мағынасымен түсіндіріледі. Мағына - ол адам тіршілігінің ішкі және сыртқы құрамы, ол адамның белгілі бір нәрсеге өз көзқарасын анықтау кезінде ол мағынаны өзінің іс-әрекетінен іздеуі, мәселен, біздің жағдайымызда индивид өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы немесе сыбайлас жемқорлыққа жағымды іс-әрекетінің мағынасын өзі үшін анықтап алуы тиіс. Осындай мағыналар индивид мәдениетін қалыптастырады. Яғни, мәдениет ол қоғамның рухани және материалдық жетістіктерінің қоспасы, ол индивидтің әлеуметтік-прогрессивті шығармашылық қызметін тіршіліктің түрлі саласында көрсетуі мүмкін және ол түбінде оның мінез-құлық нормаларына, өмірлік құндылықтарына айналып, адамның ішкі байлығын құрайды.

Енді «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» мәнін ашып көрейік. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті; ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қақарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар:

- жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі;
- жемқорлық көріністеріне қатысты материалдарды объективті және сыни көзбен бағалай білуі;
- сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі [9,36]

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттің органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, ат салысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң қалай бұрсан, солай бұралатын тәртенін» керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды [10,4].

Қортындылай келгенде, егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этностық ерекшелігі ретінде ұлттық мәдениетті мысалға алсақ, отбасында балаларды еңбекке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу дәстүрі әрқашан да болған. Сондықтан отбасында ұлттық тәрбиенің негізі, адамгершілік пен іс- әрекеттің өзегі ретінде адал еңбек басым болуы тиіс. Сонда ғана отбасы деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тосқауыл қоя аламыз. Бұл тосқауыл осы мәселені заңдық реттеуге қарағанда мықтылау, тиімдірек.

Жоғарыда айтылғандарға орай мынадай қорытынды шығаруға болады:

- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының адамгершілік жауаптылығын арттыру қажет;
- отбасында борыш, адалдық, ар-намыс, әділдік талаптарына сәйкес келетін тұлғаның мінез-құлқының адамгершілік реттеуіштерін күшейту қажет;
- адамды адамгершілік, әділдік пен ар-ождан рухында тәрбиелеу тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі ретінде қоғам мен мемлекеттің тарапынан сұранысқа ие болуы тиіс.

Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда этникалық ерекшеліктерді негізге алу еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуы мен рухани жаңғыруына, мемлекетіміздің алға қойған стратегиялық бағыттағы жоспарларына қол жеткізуге, мәңгілік ел болып қалыптасуына маңызды жағдайлар туғызатындығы сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Исақов Н. «Ауқымды алты бағыт» мақаласы: «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті, 2015 ж. 13 ақпан, №28 (2660), Б. 4-7
2. ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986>
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б. С. Абдрасилов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.
4. Измайлов А. Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. 1991г. <http://bibliotekar.kz/narodnajapedagogika-pedagogicheskie-voz> 15.09.2017.
5. Қуанышқалиев Р. «Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу – қоғам мәселесі» мақаласы: «Ауыл айнасы» республикалық қоғамдық-саяси газеті, 2017 ж. 1 желтоқсан, № 48 (8401), Б. 10-14
6. Борзенкова Г.Н. Уголовно-правовые меры борьбы с коррупцией. // Вестник МГУ, право №1, 1993 г. Б. 15-30
7. Қалыптасқан Қазақстан-2050 стратегиясы «Егемен Қазақстан»./Егемен Қазақстан .-2013.-13 қыркүйек.- Б.3-7

8. Сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздері / ғылыми ред. С.В. Максимов. - М.: Спарк, 2000. - 226 б.

9. Замалетдинов Р.Р., Ибрагимова Е.М., Амирова Д.К. Оқушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: жалпы білім беретін оқу орынд. 10-11 сынып оқушылары үшін оқу құралы - Казань қ.: Мағариф-Вақыт, 2010. - 159 б.

10. Тиынов А. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ. «Сарқан» Ауданының қоғамдық-саяси апталық газеті, 2017 ж. 21 шілде № 30 (9227) Б. 4-6

СУЩНОСТЬ ЗАДАЧ, СТОЯЩИХ ПЕРЕД СУДОМ ПРИСЯЖНЫХ, И ЕЕ ОТРАЖЕНИЕ В ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЙ СТРУКТУРЕ НОРМ О СУДОПРОИЗВОДСТВЕ СУДОМ ПРИСЯЖНЫХ

*Рахимгулова М.Б. докторант Phd 3 года обучения Карагандинского государственного университета
им. Е.А. Букетова*

*Преподаватель Карагандинского Экономического Университета Казпотребсоюза
Кафедра «Общеправовых и специальных дисциплин»*

В данной статье мы постараемся самостоятельно разобраться в соотношении норм уголовно-процессуального кодекса о «присяжных заседателях» между собой. Отсутствие структуризации безусловно осложняет анализ содержания раздела 14 уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан «Производство по делам с участием присяжных заседателей» и в целом восприятие раздела.

На уровне уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан, в частности раздела 14, все нормы определяющие сущность деятельности коллегии присяжных выражены в следующих нормах:

Ст. 648 «Компетенция суда с участием присяжных»;

Ст.654 «Содержание вопросов, подлежащих разрешению судом с участием присяжных заседателей»;

Ст.657 «Виды решений, принимаемых судом с участием присяжных заседателей»;

Ст.659 «Прекращение рассмотрения уголовного дела в связи с установлением невменяемости подсудимого»[1];

Их анализ, позволяет указать на эклектичность положений входящих в них.

Между тем, часть указанных норм носит отсылочный характер. Так ст. 648 уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан «Компетенция суда с участием присяжных» прямо отсылает нас к ст. 390 обсуждаемого кодекса, что, конечно же, расширяет диапазон анализа.

В таком контексте именно соотношение содержания двух данных норм определяет сущность полномочий коллегии присяжных. При этом, согласно их содержанию, при разбирательстве дела судом с участием присяжных разрешаются следующие вопросы:

- доказано ли, что имело место деяние, в совершении которого обвиняется подсудимый;

- является ли это деяние уголовным правонарушением, и каким именно уголовным законом оно предусмотрено (статья, часть, пункт);

- доказано ли совершение этого деяния подсудимым;

- виновен ли подсудимый в совершении этого уголовного правонарушения;

- имеются ли обстоятельства, смягчающие или отягчающие его ответственность и наказание;

- подлежит ли подсудимый наказанию за совершенное им уголовное правонарушение;

- какое наказание должно быть назначено подсудимому;

- имеются ли основания для постановления приговора без назначения наказания или освобождения от наказания либо об отсрочке отбывания уголовного наказания в случаях, предусмотренных статьями 74 и 76 Уголовного кодекса Республики Казахстан (Отсрочка отбывания наказания беременным женщинам и женщинам имеющим малолетних детей, мужчинам в одиночку воспитывающим малолетних детей), «Освобождение от наказания и отсрочка отбывания наказания вследствие стечения тяжелых обстоятельств»);

- должен ли суд лишить (внести представление Президенту Республики Казахстан о лишении) подсудимого почетного, воинского, специального или иного звания, классного чина, дипломатического ранга, квалификационного класса, государственных наград [2].